4.8 суретте бес сатыны жүргізіп жіберу кезіндегі және номинальді жүктеме кезіндегі алынған өтпелі үрдістер көрсетілген.



4.8 сурет - Бес сатыны жүргізіп жіберу кезіндегі және номинальді жүктеме кезіндегі алынған өтпелі үрдістер

Мұндағы,  $R_1 = 5,27 \text{ Ом}$ ;  $R_2 = 1,5 \text{ Ом}$ ;  $R_3 = 0,632 \text{ Ом}$ ,  $\omega = 74,4 \text{ рад/сек}$ . Бірінші саты бойынша өтпелі процесс ұзақтығы  $0,6 \text{ с}$ , екінші саты бойынша өтпелі процесс ұзақтығы  $0,3 \text{ с}$ , үшінші саты бойынша өтпелі процесс ұзақтығы  $0,25 \text{ с}$ . Жалпы өтпелі процесс ұзақтығы  $1,4 \text{ с}$  құрайды.

Алынған графикті талдау қозғалтқышты бес сатылы жүргізіп жіберу кезінде бұрыштық жылдамдықтың бірқалыпты жайлап өзгертіндігін және іске қосқан сәттегі жүргізіп жіберу моментінің мәні де төмен болатындығын көрсетеді, яғни бұл жағдайда конвейер электр жетегіне қойылатын талаптардың орындалатындығына көз жеткіздік.

## 5 Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімі

### 5.1 Ленталы конвейердің электр жетегін жетілдіру кезіндегі еңбекті қорғау талаптарын талдау

Жұмыс орнында өндірістің қауіпті және зиянды факторларының ықтимал әсерінен қорғау шаралары қатаң қадағалануы керек. Зиянды факторлар деңгейі құқықтық, техникалық, санитарлық-техникалық нормалардың шегінен аспауы керек. Құжаттардың негізінде жұмыс орнында жұмысшыларға қауіпті және зиянды факторлардың әсері болмайтын, жойылған, рұқсат етілген шектерден аспауға жұмыс берушіні міндеттейді.

Дипломдық жобаның бұл бөлімінде келесі мәселелерді қарастырады:

- инженер еңбегінің қолайлы жағдайларын қарастырады;
- жарықтандыруды есептеу (табиғи, жасанды);
- температураны қадағалау;
- желдетуді қадағалау;
- электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы бөлімде нысан ретінде кеңселік бөлмені қарастырамыз. Бөлменің өлшемдері: ұзындығы – 5 метр, ені – 4 метр, биіктігі – 3 метр. Бұл бөлмеде оргтехника қолданылады. Табиғи жарық қабырғадан түсіп тұрады. Өлшемі 2x3 метр болатындай 2 терезе бар. Жұмысшылар саны – 3 адам.

#### 3.2. Жалпы гигиеналық талаптар.

Өндірісте дұрыс жарықтандыру көру жақсартады, шаршау көлемін төмендетеді, еңбек өнімділігін арттыруына ықпал етеді, жақсы психологиялық орта қалыптастырады, қауіпсіздікті арттырады және жарақат алу деңгейін төмендетеді.

Жарықтандырудың 3 түрі болады: табиғи, жасанды және аралас.

Табиғи жарықтандыру – үй-жайлардың сыртқы қоршау конструкцияларындағы жарық ойықтары арқылы өтетін күндізгі жарықпен бөлмені жарықтандыру. Табиғи жарықтандыру күн, жыл уақыттарына байланысты және аймақтық облыстық сипаттарына байланысты өзгереді.

Жасанды жарықтандыру кешкі уақытта және табиғи жарықтандыру коэффициентінің нормаланған мәнін қамтамасыз ету мүмкін мөлшері төмен болған кезде әр түрлі қосалқы жарықтандыру көздері қолданылу арқылы жарықтандыру аралас жарықтандыру деп аталады.

Ауа ылғалдылығы жалпыға бірдей нормаларға сәйкес болуы тиіс және олар барлық бөлмелер үшін бірдей: қыста 30% - дан төмен емес және жазда 40% - дан төмен емес.

Ылғалдылық 50-60% қолайлы болып табылады, ауадағы су мөлшері қолайлы және шырышты қабық құрғамайды, жұмысшылардың жалпы денсаулығына маңызды.

Кеңседегі температура +20 дан +25°C аралығында болуы тиіс. Термометрдің бағаны +26°C градусқа көтерілген кезде, адамның шаршағыштығы артады.

+20 градустан төмен температура жұмысшылардың жұмыс өнімділігін төмендетеді, ұйқышылдық тудырады, ауруға ұшырайтын адамдардың пайызын арттырады.

СН-245-71 санитарлық нормаларында қолайлы жағдай жасайтын микроклимат параметрлерінің шамалары орнатылған. Бұл нормалар жыл уақытына, еңбек процесінің сипатына және өндірістік бөлменің сипатына байланысты белгіленеді (5.1 кестені қараңыз).

5.1 кесте – Компьютерлер орнатылған бөлмеге арналған микроклимат параметрлері

Жыл мезгілі	Микроклимат параметрі	Өлшемі
Суық	Бөлмедегі ауа температурасы	22...24°C
	салыстырмалы ылғалдылық	40...60%
	Ауа қозғалысының жылдамдығы	0,1м/с дейін
Жылы	Бөлмедегі ауа температурасы	23...25°C
	салыстырмалы ылғалдылық	40...60%
	Ауа қозғалысының жылдамдығы	0,1...0,2м/с

Ауа алмасудың ұсынылатын жылдамдығы МЕСТ 30494-2011 сәйкес маусымға қарамастан секундтына 0,1 метрге дейін.

5.2 кесте – Компьютерлер орналасқан бөлмедегі таза ауа берудің нормалары

Бөлменің сипаттамасы	Үй-жайға берілетін таза ауаның көлемдік шығыны, сағатына бір адамға м <sup>3</sup>
Бір адамға 20 м <sup>3</sup> дейін көлем.	30 – дан кем емес
Бір адамға 20...40 м <sup>3</sup> дейін	20 – дан кем емес
Бір адамға 40 м <sup>3</sup> жоғары	Табиғи желдету

Желдету жүйесінің үш түрі бар:

- ауа тартқыш желдету;
- ағындық желдету;
- ағынды-тартқышты желдету.

Компьютер жұмысындағы үзілістер.

Қызметкерлердің шаршауын болдырмау мақсатында ұзақтығы 45-60 минут жұмысынан кейін 10 минуттан 15 минутқа дейін үзіліс жасау тиімді болып табылады. Үзілісті тиімді өткізу үшін арнайы демалыс бөлмесі, фитнес бөлмесі, асхана т.б. жасалғаны дұрыс.

Ыңғайлы жұмыс үшін үстел келесі шарттарға сәйкес болуы тиіс:

- монитордан көзге дейінгі қашықтық 600-ден 700 мм-ге дейін болуы керек;

- жұмыс бетінің биіктігі 680-760 мм шегінде болуы керек;
- пернетақта орнатылған беттің биіктігі 650 мм-ге жуық болуы керек;
- орындықтың ұсынылатын биіктігі еден деңгейінен 420-550 мм шегінде болады;

- орындықтың беті жұмсақ, алдыңғы шеті дөңгелектелген, ал арқаның көлбеу бұрышы реттелетін;

- үстелдің конструкциясында жылжымалы жәшіктердің болуы.

Электр қауіпсіздігі:

Дипломды жұмыстың тақырыбы: ленталы конвейердің электр жетегін жетілдіру болғандықтан, электр қозғалтқыштармен жұмыс жасаған кездегі техника қауіпсіздік ережелерін айта кеткен жөн.

Электр қозғалтқыштармен жұмысты III – тен төмен емес біліктілігі бар мамандар жұмыс жасайды. Сол үшін келесі сақтық шараларын сақтау керек:

- бас киімде және арнайы жұмыс киіммен жұмыс жасау;
- қозғалтқыштың айналатын бөліктерінен сақ болу;
- жұмыс барысында диэлектрлік галоштарды немесе резеңке кілемшелерді пайдалану;

- екі полюстің ток өткізгіш бөліктеріне немесе ток өткізгіш және жерге тұйықтау бөліктеріне бір мезгілде қолмен тигізуге болмайды.

Компьютермен жұмыс істеп бастамас алдын электр сымдардың қалпын, жерлендіруді тексеру.

Жұмыс кезінде:

- сымдарды ұқыпты ұстау керек;
- компьютер тоқ көзіне қосылып тұрған кезде оны тазалаумен айналыспау керек;

- компьютермен қатар сұйықтықты қоюға, дымқыл қолмен жұмыс істемеу керек.

Апаттық жағдайларда:

- кез келген ақаулар кезінде дербес компьютерді желіден бірден ажырату қажет;

- оқшауланбаған сымдар табылған жағдайда сыммен байланыс жасамауға қызметкерлерді дереу хабардар ету керек;

- адам токпен зақымданған жағдайда алғашқы көмек көрсетіп, жедел медициналық көмек шақыру керек;

- өрт шыққан жағдайда өрт сөндіргіштерді пайдалана отырып, оны сөндіру жөнінде шаралармен қызметкерлерді хабардар ету керек (өрт сөндіргіштердің қайда орналасқанын білуі тиіс).

Жұмыс аяқталғаннан кейін:

- компьютерді сөндіру;
- жұмыс орнын ылғалды тазарту қажет;
- тоқ көзін сөндіру.

## 5.2 Жарықтандыруды есептеу

Табиғи жарықтандыру терезеден бүйірлік жарықтану, терезе және шам арқылы бір уақытта іске асырылады. Бұл жарықтанудың түрі табиғи жарықтандыру еселеуішімен (ТЖЕ) арқылы сипатталады.

Кеңсе бөлмесінің өлшемдері:

ұзындығы  $L=5$  м;

ені:  $B=4$  м;

биіктігі:  $H=3$  м;

Еден деңгейінен жоғары жұмыстық беттің биіктігі:  $h_{ж.б} = 0,8$  м терезенің үстіне дейін  $h_{ж} = 0,7$ ; терезе биіктігі  $h_T = 2$ .

Қабырғадан жарықтандыру кезінде жарықтың терезелердің ауданын  $S_0$ , ТЖЕ қалыптасқан мәндерін қамтамасыз етуін кейәптеме бойынша анықтау:

$$S_T = \frac{S_e \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{зд}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} \quad (3.1)$$

мұнда:  $S_T$  – қабырғалық жарықтану кезіндегі жарық ойықтарының ауданы,  $m^2$ ;

$S_e$  – бөлме еденінің ауданы,  $m^2$ ;

$e_N$  – ТЖЕ қалыптасқан мәні;

$K_3$  – қордың еселеуіші;

$\eta_0$  – ойықтардың жарық сипаттамасы

$\tau_0$  – жарық өткізудің жалпы еселеуіші, ол төмендегі теңдеу арқылы анықталады:

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \quad (3.2)$$

5.3 кесте

Бөлменің түрі	Қабырғадан түсетін жарық ТЖЕ, %
Кеңсе	1,2

5.4 кесте

Бөлменің түрі	$K_3$
Кеңсе және жоғары дәлдігі, IIIa	1,2

5.5 кесте – Жарық климатының коэффициенті, m

Әкімшілік аудан	M
Алматы	0,75

5.6 кесте – Жарық өткізу еселеуіштерінің мәндері

Жарық өткізгіш жабдықтың түрі	$\tau_1$	Өткелдер түрі	$\tau_2$	Құрылғы жабудың өткізетін түрі	$\tau_3$	Күннен қорғау құрылғылар	$\tau_4$
Үш қабаттық терезе	0,75	Ағаш жақтауы қос бөлек	0,6	Болатты пішін	0,9	Реттелетін пердеше	1

Кестелердегі мәндерді пайдаланып, келесілер есептелінеді.

Өртүрлі аудандарда орналасқан ғимараттар үшін ТЖК – нің нормалық мәні төмендегі формула бойынша анықталады:

$$e_N = e_H \cdot m; \quad (3.3)$$

$$e_N = 1,2 \cdot 0,75 = 0,9.$$

Есептік биіктік:

$$h_e = h_T + h_{ж} - h_{ж.б}; \quad (3.4)$$

$$h_e = 2 + 0,7 - 0,8 = 1,9 \text{ м.}$$

$l = B - 1 \text{ м} = 4 - 1 = 3 \text{ м}$ ; кезінде кесте бойынша ойықтардың жарық сипаттамасын табылады:  $\eta_0 = 6$

Жалпы жылу еселеуіші анықталады:

$$\tau_0 = 0,75 \cdot 0,6 \cdot 0,9 \cdot 1 = 0,4;$$

5.7 кесте бойынша қабырғалық жарықтандыру үшін  $r_1$  коэффициенті келесідей анықталады:

Біріншіден бөлме тереңдігінің шартты жұмыс бетінің деңгейінен терезенің үстіне дейінгі қатынасы:

$$\frac{l}{h_e} = \frac{3}{1,9} = 1,58 \text{ м};$$

Бөлме тереңдігінің бөлме еніне қатынасы:

$$\frac{l}{B} = \frac{3}{4} = 0,75 \text{ м};$$

Бөлме ұзындығының оның тереңдігіне қатынасы:

$$\frac{L}{l} = \frac{5}{3} = 1,67 \text{ м.}$$

Еденнің ауданы:

$$S_e = L \cdot B. \quad (3.5)$$

$$S_e = L \cdot B = 5 \cdot 4 = 20 \text{ м}^2$$

Қабырғалардың ауданы:

$$S_k = 2 \cdot B \cdot H + L \cdot B. \quad (3.6)$$

$$S_k = 2 \cdot B \cdot H + L \cdot B = 2 \cdot 4 \cdot 3 + 5 \cdot 4 = 44 \text{ м}^2.$$

Төбенің ауданы кезінде төбенің, қабырғалар мен еденнің  $\rho_{ст}$  шағылуының орташа өлшенген коэффициенті:

$$\rho_{ст} = \frac{(70 \cdot 20 + 50 \cdot 44 + 10 \cdot 20)}{(20 + 44 + 20)} = 48,7\%;$$

$$r_1 = 1,5.$$

Қарама-қарсы ғимарат келесі қашықтықта орналасқан:  $P = 40 \text{ м}$ ;  $H_f = 40 \text{ м}$ .

$$\frac{P}{H_f} = \frac{40}{40} = 1.$$

5.7 кесте

Р:Н	$K_{зд}$
1	1,4

Терезе ойықтарының ауданы келесі формула бойынша анықталады:

$$S_T = \frac{S_e \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{зд}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} = \frac{20 \cdot 0,9 \cdot 6 \cdot 1,2 \cdot 1,4}{100 \cdot 0,4 \cdot 1,5} = 3,024 \text{ м}^2.$$

Терезенің ұзындығы:

$$l_{\text{терезе}} = \frac{S_T}{h_T}. \quad (3.7)$$



$$l_{\text{терезе}} = \frac{S_T}{h_T} = \frac{3,024}{2} = 1,512 \text{ м.}$$

$l_{\text{терезе}} < L_6, 1,512 < 6$  терезенің ұзындығы оқу сыныбынан аз.

### 3.3 Жасанды жарықтандыруды есептеу

Кеңсе үшін ұзындығы  $A=5$  метр, ені  $B=4$  метр, биіктігі  $H=3$  м болатын, ақ қабырғалы бөлменің жалпы жарықтандыруы есептелінеді. Шағылысу коэффициенттері: төбеден –  $\rho_{\text{төбе}} = 70\%$ , қабырғадан –  $\rho_{\text{қабырға}} = 50\%$ , еденнен –  $\rho_{\text{еден}} = 10\%$ . Қоректендіру кернеуі  $U = 220$  В; Жарық диодты ARS/S UNI LED 600 EM типті 30 Вт қуаттылықтағы шамы алынды. Жарық ағыны  $\Phi_{\text{ш}} = 3000$  лм. Қор коэффициенті жарық диодты шамдар үшін  $k_{\text{қ}} = 1,1$  Шамдардың іліну биіктігі:  $h_{\text{ш}} = 0,2$  м, еден деңгейінен жұмыс кеңістігінің биіктігі -  $h_{\text{ж}} = 0,8$  м.

Жарықтануды жарық ағынының пайдалану коэффициенті әдісімен есептеу.

Жұмыс бөлмесі үшін көлденең беттің жалпы біркелкі жарықтануын қарастырғанда жарықтану жарық ағынын пайдалану коэффициенті әдісімен есептеледі.

Есептік биіктігі келесіге тең:

$$h_e = H - (h_{\text{ж}} + h_{\text{ш}}). \quad (3.8)$$

$$h_e = 3 - (0,8 + 0,2) = 2 \text{ м.}$$

Шамдардың өзара орналасу қашықтығы:  $\lambda = 0,6 \div 2$ :

$$L = \lambda \cdot h. \quad (3.9)$$

Ұзындығы:  $L_A = 1 \cdot 2 = 2$  м;

Ені:  $L_B = 1,25 \cdot 2 = 2,5$  м.

Қабырғадан шамға дейінгі қашықтықты есептейміз:

$$l = (0,4 \div 1) \cdot L;$$

$$l_A = 0,5 \cdot L_A = 0,5 \cdot 2 = 1 \text{ м};$$

$$l_B = 0,5 \cdot L_B = 0,5 \cdot 2,5 = 1,25 \text{ м.}$$

Бөлме индексі келесі формула бойынша анықталады:

$$i = \frac{A \cdot B}{h \cdot (A + B)} \quad (3.10)$$

$$i = \frac{A \cdot B}{h \cdot (A + B)} = \frac{5 \cdot 4}{2 \cdot (5 + 4)} = 1,1.$$

Кесте бойынша жарық диодты ARS/S UNI LED 600 EM типті шамы үшін пайдалану коэффициенті таңдалады  $\eta = 0,69$ . Осылайша шамдар саны келесіге тең:

$$N = \frac{E \cdot k_{\kappa} \cdot S \cdot Z}{\Phi_{\text{ш}} \cdot \eta} \quad (3.11)$$

мұнда:  $E$  - белгіленген минималды жарық, лк, кеңсе бөлмесі үшін

$$E_{\text{н}} = 300 \text{ лк};$$

$$k_{\kappa} \text{ – қор коэффициенті, } k_{\kappa} = 1,1;$$

$$S \text{ – бөлме ауданы, м}^2;$$

$$S = A \cdot B. \quad (3.12)$$

$$S = A \cdot B = 5 \cdot 4 = 20 \text{ м}^2;$$

$Z$  – жарықтанудың біркелкі еместігін ескеретін коэффициент ( $Z = 1,1 \div 1,2$ );

$\Phi_{\text{ш}} = 3000$  лм ARS/S UNI LED 600 EM шамының жарық ағыны.

Сонда:


$$N = \frac{300 \cdot 1,1 \cdot 20 \cdot 1,2}{3000 \cdot 0,69} \approx 4 \text{ дана}$$

Жалпы жарықтандыруды анықтау үшін келесі бұрыштарды табу қажет. Бұрыштарды анықтау келесідей жүзеге асады:

$$\text{tg} \alpha = \frac{d}{h_e} \quad (3.13)$$

5.1 суретте бір нүктені таңдалып және осы нүктеден әр шамдарға дейін арақашықтық есептелінеді.

Нүктелік әдіспен жарықтануды есептеу.



5.1 сурет – Берілген мәндер бойынша жарық шамдардың орналастыру сұлбасы

1, 2, 4, 5 шамдар үшін А нүктесінен есептеу:

$$d_1 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2}\right)^2} \quad (3.14)$$

$$d_1 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2}\right)^2} = \sqrt{\left(\frac{2,5}{2}\right)^2 + \left(\frac{2}{2}\right)^2} = 1,6 \text{ м};$$

$$\alpha_1 = \arctg\left(\frac{1,6}{2}\right) = 38^\circ.$$

3000 люмендағы ағын үшін жарық күші  $\alpha = 38^\circ$  бұрышында  $I_{\alpha 1} = 190$  кд;

Жарықтану келесіге тең:

$$E = \frac{I_\alpha \cdot \cos^3 \alpha}{h_e^2} \quad (3.15)$$

$$E = \frac{190 \cdot \cos^3 38}{2^2} = 23,24 \text{ лк.}$$

3, 6 шамдары үшін:

$$d_2 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2} + L_A\right)^2}. \quad (3.16)$$

$$d_2 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2} + L_A\right)^2} = \sqrt{\left(\frac{2,5}{2}\right)^2 + \left(\frac{2}{2} + 2\right)^2} = 3,25 \text{ м};$$

$$\alpha_2 = \arctg\left(\frac{3,25}{2}\right) = 58^\circ.$$

3000 люмендағы ағын үшін жарық күші  $\alpha = 58^\circ$  бұрышында  $I_{\alpha 2} = 90$  кд;

Жарықтану келесіге тең:

$$E = \frac{90 \cdot \cos^3 58}{2^2} = 3,34 \text{ лк.}$$

Сонда А нүктесіндегі жарықтанудың қосындысы:

$$\sum e_i = 4 \cdot 23,24 + 2 \cdot 3,34 = 99,64 \text{ лк.}$$

Жарықтылық мәнін келесі өрнек бойынша есептеледі:

$$E = \frac{\Phi_{\text{ш}} \cdot \mu \cdot \sum e_i}{1000 \cdot k_{\text{к}}}. \quad (3.17)$$

мұнда:  $\Phi_{\text{ш}}$  - беілген шамдардың жарық ағыны, лм;

$\mu$  - істен шыққан шамдарды ескеретін коэффициент;

$\mu = 1,12$  деп аламыз;

$k_{\text{к}} = 1,1$  - қор коэффициенті.

$$E = \frac{3000 \cdot 1,12 \cdot 99,64}{1000 \cdot 1,1} = 304,35 \text{ лк.}$$

Егер  $E > E_{\text{н}}$  шарты орындалса, онда жұмыс орнындағы жарықтану жеткілікті деп есептеледі.  $E > E_{\text{н}} = 304,35 > 300$  шарты орындалды.

3.4 Ауа кондиционерлеудің есептеу жүйесі.

Температураның айырмашылығын қарастыра отырып жылуөткізгіш мына формуламен есептеледі:

$$Q_t = V_{\text{БӨЛ}} \cdot X_0 \cdot (t_{\text{Сырт.есеп}} - t_{\text{Іш.есеп}}).$$

(3.18)

мұнда:  $V_{\text{БӨЛ}}$  – бөлменің көлемі;  
 $X_0$  – жылулық сипаттама;  
 $t_{\text{Сырт.есеп}}$  – сыртқы ауаның температурасы, шілде айының орташа температурасына сәйкес Алматы қаласының  $t_{\text{Нрасч}} = 27,5^{\circ}\text{C}$ ;  
 $t_{\text{Іш.есеп}} = 24^{\circ}\text{C}$  – ішкі (оптимальді) температура.  
 Бөлменің көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{БӨЛ}} = S_{\text{БӨЛ}} \cdot h_{\text{БӨЛ}}. \quad (3.19)$$

$$V_{\text{БӨЛ}} = S_{\text{БӨЛ}} \cdot h_{\text{БӨЛ}} = 30 \cdot 3 = 90 \text{ м}^3;$$

Жылулық сипаттама:

$$X_0 = 0,42 \frac{\text{Вт}}{(\text{м}^3 \cdot ^{\circ}\text{C})}. \quad (3.20)$$

Сонда жылуөткізгіш келесіге тең болады:

$$Q_t = 90 \cdot 0,42 \cdot (27,5 - 24) = 43,54 \text{ Вт.}$$

Кеңсе бөлмесіне күн сәулесі түскендіктен жылуөткізгіштік терезеден мына формуламен есептеледі:

$$Q_{\text{терезе}} = q^{II} \cdot F_0 \cdot \beta_{\text{сз}} \cdot K_1^T \cdot K_2. \quad (3.21)$$

мұнда:  $q^{II}$  – жылу ағыны терезенің орналасуына байланысты (солтүстік)  $q^{II} = 40,6 \text{ Вт/м}^2$

$F_0$  – жарықтың өту ауданы:

$$F_0 = n \cdot H_0 \cdot B_0. \quad (3.22)$$

мұнда:  $n = 2$  – терезе саны;

$H_0 = 3 \text{ м}$  – терезенің биіктігі;

$B_0 = 2 \text{ м}$  – терезенің ұзындығы;

$$F_0 = 2 \cdot 3 \cdot 2 = 12 \text{ м}^2;$$


мұнда  $\beta_{сз}$  – жылуөткізгіш коэффициенті, себебі терезелерге перделер қойылған, онда  $\beta_{сз} = 0,8$ ;

$K_1^T$  – қарыңғалау коэффициенті  $K_1^T = 1,15$ ;

$K_2$  – терезелердің кірлеу коэффициенті  $K_2 = 0,9$ ;

Сондықтан:

$$Q_{\text{терезе}} = 40,6 \cdot 12 \cdot 0,8 \cdot 1,15 \cdot 0,9 = 403,40 \text{ Вт.}$$



5.2 сурет - General Climate GC/GU-A18HR суытқышы.  
Бөлменің ішкі жылуы есептелінеді

Адамдардан берілетін жылуды мына формуламен есептелінеді:

$$Q_{A^0} = Q_{1A^0} \cdot n; \quad (3.23)$$

мұнда  $Q_{1A^0}$  – бір адамнан жеңіл жүктеме жұмыс істеген кездегі сыртқа бөлінетін жылу мөлшері :  $Q_{1A^0} = 132 \text{ Вт}$

$n = 3$  – бөлме ішіндегі адам саны.

$$Q_{A^0} = 132 \cdot 3 = 396 \text{ Вт.}$$

Шамдардан берілетін жылу мына формуламен анықталады:

$$Q_{\text{жарық}} = \eta \cdot N_{\text{шам}} \cdot S; \quad (3.24)$$

мұнда:  $\eta$  – жылулыққа электрлік энергияның ауысу коэффициенті, жарық диодты шам үшін  $\eta = 0,6 \div 0,7$ ;  $\eta = 0,65$  алынады;

$N_{\text{шам}}$  – шамның қуаты (шам саны – 6),  $N_{\text{шам}} = 180 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2}$ ;

$S = 20 \text{ м}^2$  – бөлмедегі еденнің ауданы.

$$Q_{\text{жарық}} = 0,65 \cdot 180 \cdot 20 = 2340 \text{ Вт.}$$

Компьютерлерден берілетін жылу мына формуламен есептелінеді:

$$Q_{\text{комп}} = N_{\text{комп}} \cdot n; \quad (3.25)$$

мұнда  $N_{\text{комп}}$  – компьютер қуаты.  
 $n$  – компьютерлер саны.

$$Q_{\text{комп}} = 3 \cdot 300 = 900 \text{ Вт.}$$

Жалпы жылу есептелінеді:

$$\sum Q = Q_t + Q_{\text{терезе}} + Q_{A^0} + Q_{\text{жарық}} + Q_{\text{комп}}; \quad (3.26)$$

Сондықтан:

$$\sum Q = 43,54 + 403,40 + 396 + 3510 + 900 = 5252,94 \text{ Вт} \approx 5,3 \text{ кВт.}$$

Қорытындай келе бөлмеге 5,3 кВт, 5,2 – суреттегі General Climate GC/GU-A18HR суытқышы орнатылады.

## **6 Экономикалық бөлім**

### **6.1 Жобаның экономикалық тиімділігін есептеудің әдістері**

Капиталды салымдардың тиімділігі алынған нәтиже мен жұмсалған шығындарды салыстыру жолымен анықталады. Әрбір нұсқаның сандық және сапалық сипаттамалары құндық мәнде бағалануы тиіс.

Негіздеме әдістемесі мынадай кезеңдерден тұрады:

- баламалы (ауыстырылатын) қондырғыны салыстыру негіздерін таңдау;

- бағалау көрсеткіштерін (критерийлерін/критерийлерін) таңдау;

- есептік кезеңді анықтау;

- жаңа техниканың шекті (сыни)сипаттамаларын белгілеу.

Балама ретінде (ауыстырылатын қондырғылар ретінде пайдалануда дәстүрлі түрде игерілген ең жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар техника көзделеді. Бұл ретте салыстырмалы түймелер өндіріс режимі (ең жоғарғы/базистік) бойынша салыстырылуы және өңірдің энергияға (қуатқа) белгіленген қажеттілігін қамтамасыз етуі тиіс.

Тиімділікті есептеу кезінде интегралдық (дисконттық), жай (базистік) көрсеткіштер, сондай-ақ басқалары бірге қолданылуы мүмкін.

Дисконтталған әдістерді қолдану интегралдық шығындарды және инвестициялық шешімнің нәтижелерін анықтаудың болжамды есептік кезеңін негіздеуді талап етеді. Әдетте, есептік кезең ретінде Нормативтік қызмет кезеңін (амортизациялық кезең) таңдайды. Алайда алдыңғы қатарлы қондырғылар үшін неғұрлым қысқа моральдық тозу кезеңін ескеру қажет.

Жаңа техника бойынша шекті (сыни) көрсеткіштерді қажетті ақпарат болмаған немесе ақпараттың растығы жеткіліксіз болған кезде анықтаған жөн.

### **6.2 Электр жетекті басқару құралдарын қолдану нұсқаларын технико-экономикалық салыстыру**

Автоматтандырылған электр жетегі екі технологиялық функцияны орындайды:

1. Жалпы ережелер осы технологиялық процесті іске асыру үшін электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіру;

2. Ең жоғары өнімділікті қамтамасыз ету, өңдеу дәлдігі мен сапасы, энергия шығындарының барынша аздығы және т. б. белгілі бір дәрежеде технологиялық үдерісті оңтайландыра отырып, мынадай өлшемдерді іске асырумен басқару: басқарудың нақты міндеттері Технологиялық процестің сипатына байланысты әртүрлі.

Жобаның экономикалық тиімділігін есепке ала отырып, капиталдық шығындарды есептеу жүргізілді.



Басқарылатын электр жетегі технологиялық процесс барысын жедел басқару қажет болған жағдайда технологиялық машиналарда ұсталады (жүк көтергіш крандардың электр жетегі, экскаваторлар, реверсивті илектеу орнақтары). Бұдан басқа, технологиялық режимді орнату және қолдау қажет болған жағдайда (үздіксіз прокаттау орнағының электржетегі, Тоқыма өнеркәсібінің агрегаттары), яғни барлық технологиялық процестерді нақты бақылау және қажет болған жағдайда өндіріс процесіне түзетулер енгізу. Реттелетін электр жетектерін қолдану электр энергиясына жұмсалатын шығындарды технологиялық процесте оңтайландыруға мүмкіндік береді.

### 6.3 Ленталы конвейердің электр жетегінің капиталдық салымдары мен эксплуатациялық шығындарын есептеу

Капиталдық салымдар қондырғының еркін көтерме бағасынан және тасымалдау-орнату шығындарына анықталады, 6.1 кестеде көрсетілген.

6.1 кесте – 4AP280M6 У3 қозғалтқышының капиталдық салымдар тізімі

№	Негізгі өндірістік фондтардың атауы	Саны дана	Бір данасының көтерме бағасы, мың теңге	Жалпы бағасы, мың теңге	Тасымалд ау-орнату шығындары, мың теңге	Толық бастапқы құны, мың теңге	
1	Электрқозғалтқыш 5АНК225М-А8	1	273,2	273,2	50	323,2	
2	Ленталы конвейер ЛК-1000	1	2000	2000	100	2100	
3	Резистор ЯС-101	1	120	120	25	145	
4	Резистор ЯС-100	1	137,1	137,1	30	167,1	
Жиынтығы					2530,3	205	2735,3

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы ( $K_{жалпы}$ ) келесі формула арқылы анықтаймыз

$$K_{жалпы} = K_{қон} + K_{құр} + K_m + K_{б.ш.}, \quad (4.1)$$

$K_{қон}$  – жаңа қондырғылар мен жабдықтарды, желілерді сатып алуға кеткен қаражат пайызы,  $K_{ж}$  -ның 53 %-ын құрайды;

$K_{құр}$  – ҚС-ны құрылысына жұмсалатын қаражат пайызы,  $K_{ж}$  -ның 30%-ын құрайды;

$K_m$  – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары,  $K_{ж}$  -ның 11 %-ын құрайды;

$K_{б.ш.}$  – басқа да шығындарға қажетті қаражат пайызы,  $K_{ж}$  -ның 6%-ын құрайды.

Жаңа қондырғылар мен жабдықтарды, желілерді сатып алуға кеткен қаражат:

$$K_{ж} = (2530,3 \cdot 100) / 53 = 1341,059 \text{ мың.тг.} \quad (4.2)$$

ҚС-ны құрылысына жұмсалатын қаражат:

$$K_{с} = (1341,059 \cdot 30) / 100 = 402,32 \text{ мың.тг.} \quad (4.3)$$

Монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары:

$$K_{м} = (1341,059 \cdot 11) / 100 = 147,516 \text{ мың.тг.} \quad (4.4)$$

Басқа да шығындарға керекті қаражат:

$$K_{б.ш.} = (1341,059 \cdot 6) / 100 = 80,46 \text{ мың.тг.} \quad (4.5)$$

Бұл мәнді (7.1) формулаға қойып есептесек:

$$K_{ж} = 1341,059 + 402,32 + 147,516 + 80,46 = 1971,357 \text{ мың.тг.} \quad (4.6)$$

ҚС-ның жұмыс жасап тұрған кездегі, жылдық эксплуатациялық шығындар

Эксплуатациялық шығындар – жалпы қосалқы электр станциясын түрлендіріп, тарату, пайдалану кезіндегі жұмсалынатын шығындар. Эксплуатациялық шығындарға барлық шығындар: амортизация аударылымдары, транспорт шығындары, жұмысшылардың еңбекақысы, жіберілетін электр энергиясын тарату кезіндегі шығындар, байланыс қызметтері, іс – сапарлар, кеңселік тауарлар, қызметкерлерге төленетін еңбек ақы, қауіпсіздікті сақтауға арналған іс-шараларға кеткен шығындар және т.б. шығындар жатады.

Эксплуатационды шығындар келесідей есептелінеді.

Жылдық эксплуатациялық шығындарды есептеу:

$$I_{ж} = I_{а} + I_{мат} + I_{э.н.} + I_{қос} + I_{е.а.} \quad (4.7)$$

мұндағы  $I_{а}$  – амортизациялық аударылым соммасы;

$I_{м.ш.}$  – материалдық шығындар және қосымша бөліктер;

$I_{э.н.}$  – әлеуметтік салық, зейнетақы қорына кететін бөлігінің 11%;

$I_{қос}$  – қосымша шығындар (кәсіпорынға қызметкерлерді дайындап, оқыту, көлік, концелярлық шығындар). Жалпы, қосымша шығын барлық шығындар сомасының 12÷15 % құрайды.

$I_{е.а.}$  – еңбекақы құны;

$I_{\text{өнд}}$  – өндірістік қажеттіліктер, электр энергиясының шығындары, жалпы салымның 1,5%-ы.

Амортизация аударылымын есептеу:

$$I_a = K_0 \cdot h_0 / 100. \quad (4.8)$$

Мұндағы  $K_0$  – негізгі қорлар соммасы, млн теңге;

$h_0$  – амортизациялық аударылымның белгіленген нормасы, мәнін 6 % деп қабылдаймыз.

$$I_a = 2530,3 \cdot 6 / 100 = 151,818 \text{ мың теңге.}$$

Жұмысшылардың еңбекақылық жиналым қоры:

$$I_{ea} = E_{op} \cdot Ж_{op} \cdot 12, \quad (4.9)$$

мұндағы  $E_{op}$  – орташа айлық жалақы шамасы;

$Ж_{op}$  – тізімдегі жұмысшылар саны;

$$I_{ea} = 160 \cdot 3 \cdot 12 = 5760 \text{ мың. тг.}$$

Жалпы әлеуметтік салық:

$$I_{\text{ә.н.}} = (I_{e.a.} - I_{z.k.}) \cdot 0,11, \quad (4.10)$$

$I_{e.a.}$  – жұмысшылардың еңбекақы қорына салым;

$I_{z.k.}$  – зейнетақыға қорына салым (еңбек ақыдан 10%).

$$I_{\text{ә.н.}} = (160 - 0,16) \cdot 0,11 \cdot 12 = 210,9888 \text{ мың. тг.}$$

Материалдық шығын көлемі немесе тағы да басқа бөліктер шығындарына капиталдық салымның 0,5%-ы алынды:

$$I_{\text{м.ш.}} = 2626,65 \cdot 0,5\% = 1313,325 \text{ мың. тг.} \quad (4.11)$$

Өндірісті жүргізуге қажетті шығындарға капиталдық салымның 1,5%-ы алынды:

$$I_{\text{өнд}} = 2626,65 \cdot 1,5\% = 3939,975 \text{ мың. тг.}$$

Қосымша басқа шығындар:

$$I_{\text{қ.ш.}} = (3939,975 + 1313,325 + 210,9888 + 5760 + 151,818) \cdot 14\% = 1592,655 \text{ мың. тг.}$$

Жалпылама сомалық шығын:

$$I_{\text{ж}} = 3939,975 + 1313,325 + 210,9888 + 5760 + 151,818 + 1592,655 = 12968,76 \text{ мың. тг.} \quad (4.12)$$

Активті қуаттың мәнін табу үшін, қуат коэффициенті  $\cos\varphi = 1$  деп қабылдаймыз.

$$P = S \cdot \cos\varphi, \quad (4.13)$$

$$P = 22 \cdot 1 = 22 \text{ МВт.}$$

Конвейердың максималдық пайдалану уақыты  $T_M = 4800 - 6000$  аралығында болады. Максималды пайдалану уақытын  $T_M = 5560$  сағат деп қабылдадым. Осы арқылы жүктеменің максималды деңгейінде жылдық есептік сағаттық қуатты есептеп табамыз.

$$W = P \cdot T_M, \quad (4.14)$$

$$W = 22 \cdot 5560 = 122320 \text{ кВт} \cdot \text{сағ.}$$

Өзіндік құнды есептеу:

$$S = I_{\text{ж}}/W,$$

$I_{\text{ж}}$  – эксплуатациялық шығындар

$$S = 155,89/772,80 = 0,201 \frac{\text{тг}}{\text{кВт} \cdot \text{сағ.}}$$

Өзіндік құнға 10%-дық табысты қосып тапсақ:

$$S_{\text{ПС}} = S \cdot 1,1 = 0,201 \cdot 1,1 = 0,2211 \frac{\text{тг}}{\text{кВт} \cdot \text{сағ.}} \quad (4.15)$$

Корпоративтік салықты 20% деп алып, бір жылдағы пайданы есептеу:

$$\sum P_{\text{ж}} = W \cdot 0,1 \cdot S_{\text{ПС}} \cdot 0,8, \quad (4.16)$$

$$\sum P_{\text{ж}} = 772,80 \cdot 0,1 \cdot 0,2211 \cdot 0,8 = 13,6 \text{ мың. тг.}$$

Электр энергиясына тариф – 16,56 теңге/кВт.сағ. Қосалқы станцияның баға түрленуі келесі кезеңдерден өтеді:

1. Электр энергиясын станциядан сатып алу (8,23 теңге/кВт.сағ);
2. КЕГОК ҰЭТ тарифі (2,496 теңге/кВт.сағ);

3. «АЖК» тарифі (5,63 теңге/кВт·сағ);

4. «Ж.Е.Н» ЖШС жеке тарифінің бағасы (0,694 теңге/кВт·сағ).

Электр энергиясының өзіндік құны – 15,89 теңге/кВт·сағ.  
Тұтынушыларға электр энергиясын 16,25 теңге/кВт·сағ. ЖШС-ның түсіретін пайдасы 0,79 теңге/кВт·сағ.

Кіріс салығын ескеріп, жылдық пайдану табу:

$$\begin{aligned} \sum P_{\text{жк}} &= W \cdot 0,8 \cdot 0,481 = 772,80 \cdot 0,8 \cdot 0,79 = \\ &= 488,4 \text{ мың. тг,} \end{aligned} \quad (4.18)$$

Жалпы кіріс:

$$\begin{aligned} \sum \Pi &= \sum P_{\text{ж}} + \sum P_{\text{жк}} = 13,6 + 488,4 = \\ &= 502 \text{ мың. тг} \end{aligned} \quad (4.19)$$

## 6.2 Жұмыс салынатын инвестицияның эффективтілігін анықтау

Электр энергиясын түрлендіріп, тасымалдап, тұтынушыларға жеткізу, әр түрлі электр энергетика саласындағы кәсіпорындардың басты атқаратын қызметі, осы арқылы электр энергиясын сату бұл кәсіпорындарға пайда көзі болып табылады. Осы салада кәсіп құрып, пайда табу үшін, бастапқы капитал біршама көп мөлшерде болуы қажет.

Жалпы қосалқы станция салатын болсақ, оның өзін-өзі ақтау уақыты 3-4 жылдан кем болмайды. Осылайша ұзақ мерзімді инвестициялар жасамас алдында, оның эффективтілік болжамы жоспарланады.

NPV инвестициялық жобаны табу осы жобаға байланысты барлық ақша ағындарының таза келтірілген құнын табуды білдіреді.

$I_0$  – ҚС-ның жобасын бастауға қажет инвестиция мөлшері,  $PV$  – жобаның экономикалық өмірі бойындағы уақытқа сай ақша ағынының құны. Дисконтталған табыстың жиналған жалпы мөлшері:

$$PV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n}, \quad (4.20)$$

мұндағы,  $r$  – дисконт нормасы;

$n$  – жобаның жүзеге асу кезеңдер саны;

$CF$  – төлемдердің жыл сайынғы таза ағымы.

$CF$  өзіне таза кірісті және амортизациялық ауыстырылымдарды қосады.

Таза келтірілген құн:

$$NPV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \quad (4.21)$$

Егер де табылған NPV оң таңбалы болса ( $NPV > 0$ ), жобаға инвестициялық қаражат күйса болады. Егер теріс таңбалы болса ( $NPV < 0$ ), онда жобаның пайдасы нарықтағы деңгейден төмен, осыдан жобаға инвестиция құйылмайды.

Төлемдердің жыл сайынғы таза ағымын есептеу:

$$CF = \Pi_{TK} + I_{ao}, \quad (4.22)$$

мұндағы  $\Pi_{TK}$  - таза кіріс, млн.тенге;

$I_a$  – амортизациялық аударымдар, млн.тенге.

$$CF = 502 + 29,82 = 531,82 \text{ мың. тг.}$$

6.3 кесте –NPV есебінің нәтижесі

Жылдар	CF, мың теңге	$1/(1+i)^n$ , 10%	PV, мың теңге	NPV, мың теңге
0	1971,357	1	1971,357	-1971,357
1	531,82	0,909	483,42	-1487,937
2	531,82	0,826	439,28	-1048,657
3	531,82	0,751	399,397	-649,26
4	531,82	0,683	363,23	-286,03
5	531,82	0,621	330,22	+44,19

Есептеу нәтижесін көріп отырғанымыздай қосалқы станция өзінің құнын 4 жыл ішінде толықтай ақтап, пайда түсіре бастайды.

Рентабелділік индексінің таза дисконтталған құннан айырмашылығы салыстырмалы көрсеткіш ретінде болады. Жобаларды салыстырып таңдауда, NPV көрсеткіштері бірдей болған жағдайда PI қарап алуға болады.

$$PI = \sum_{t=i}^n \frac{PV/(1+i)}{K_0} = \frac{1722/0.621}{1971,357} = 1.41. \quad (4.23)$$

PP анықтау (орнын толтықтыру уақыты).

Бұл әдіс бастапқы жобаға жұмсалған инвестицияның қайтарылатын уақытын есептеу тәсілі:

$$PP = \frac{\Sigma K}{CF}; \quad (4.24)$$

$$PP = \frac{1971,357}{531,82} = 3,71.$$

PP әдісімен есептегенде жұмсалған инвестициялар өзін 3,71 жылда ақтап шығады.

Пайданың ішкі нормасы келесі формула арқылы табылады:

$$IRR = \left( 1 - \sqrt[n]{\frac{CF}{I_c}} \right) \cdot 100\%, \quad (4.25)$$

$$IRR = \left( 1 - \sqrt[3]{\frac{531,82}{1971,357}} \right) \cdot 100\% = 35,385\%.$$

Экономикалық бөлімінде қосалқы станцияны салудағы техника-экономикалық көрсеткіштер есептеулер арқылы табылып, тиімділік деңгейі анықталды. NPV тәсілі арқылы қосалқы станция өзін-өзі 5 жылда, PP тәсілі арқылы 2,5 жылда ақтайтынын көрсетті. Пайданың ішкі нормасы  $IRR = 35,385\%$  - ды құрағандықтан жоба тиімді деп ойлаймын.

## Қорытынды

Ленталы конвейер - өндірістің барлық салаларында сусымалы жүктерді тасымалдауға кеңінен қолданылатын электромеханикалық құрылғы. Оған олардың өнімділігі жоғары, тасымалдау қашықтығының ұзын болуы, конструкциясының қарапайымдығы мен жұмыс істеу сенімділігінің жоғары болуы себеп болды.

Конвейерлік қондырғылардың электр жетектері үшін жүргізіп жіберу үрдісі өте ауыр үрдіс болып саналады. Динамикалық жүктемені шектеу және лентаның барабанмен жақсы жапсарласуын қамтамасыз ету үшін электр жетегі жүргізіп жіберу кезінде үдеуді белгілі бір деңгейде шектеуі және тербелмелі динамикалық жүктемені жоюы керек. Осыған орай, конвейерлерде артық жүктелу қабілеті үлкен, жүргізіп жіберу тоғайтарлықтай жоғары болатын жетектік электрқозғалтқыштарды қолдану қажеттігі туындайды.

Дипломдық жобада сусымалы жүктерге арналған ленталы конвейердің электр жетегін жаңарту қарастырылған.

Жобада берілген тапсырмаға сәйкес ЛК-1000 типті ленталы конвейердің таңдалып, оның жетегіне керек тарту күші мен қуат анықталған. Таңдалған конвейердің қозғалтқышы ретінде қуаты есептік қуатқа сәйкес келетін 5АНК225М-А8 типті фазалы роторлы электрқозғалтқыш таңдалып алынды. Оның орынбасу сұлбасының параметрлері анықталып, табиғи механикалық сипаттамасы тұрғызылды.

Фазалы роторлы қозғалтқышты үшсатылы жүргізіп жіберу сұлбасы қарастырылып, әр сатының кедергілері анықталды. Қозғалтқышты жүргізіп жіберу кезіндегі механикалық өтпелі үрдістер есептелінді.

Ұсынылған электр жетегінің энергетикалық көрсеткіштері анықталды. Фазалы роторлы қозғалтқышы бар электр жетегін басқару сұлбасы құрастырылды.

MatLab бағдарламасында фазалы роторлы қозғалтқыштың моделі құрастырылып, онда әр түрлі режимдер кезіндегі өтпелі үрдістер зерттелді.

Алынған нәтижелерді талдау қозғалтқышты үш сатылы жүргізіп жіберу кезінде бұрыштық жылдамдықтың бірқалыпты жайлап өзгеретіндігін және іске қосқан сәттегі жүргізіп жіберу моментінің мәні де төмен болатындығын көрсетеді, яғни бұл жағдайда конвейердің электр жетегіне қойылатын талаптар орындалатындығын дәлелденді.

Жобада конвейер қолданылатын нысанда еңбек қорғау талаптарын орындау үшін бөлмені жарықтандыру мен қажетті микроклимат



қалыптастыру жүйелері таңдалынып, электрлік қауіпсіздік шаралары қарастырылған.

Экономикалық бөлімде күрделі және эксплуатациялық шығындар есептелініп, ұсынылған электр жетегінің экономикалық көрсеткіштері анықталды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Вайнсон А.А. Подъемно-транспортные машины: Учебник для вузов-4-е изд., перераб. и доп. - М.: Машиностроение, 1989. - 536 с.
- 2 [http://www.metallist-tula.ru/production/lent\\_konveer.htm](http://www.metallist-tula.ru/production/lent_konveer.htm)
- 3 Костюк В.С., Волкова Л.П., Фащиленко В.Н. Регулируемый электропривод шахтных установок: Учебное пособие. – М.: МГИ, 1984. – 65 с.
- 4 Ляхомский А.В., Фащиленко В.Н. Автоматизированный электропривод горных машин и установок. Часть 1: Автоматизированный электропривод механизмов циклического действия: Учебное пособие / Под ред. А.В. Ляхомского. – Издательство «Горная книга», 2014. – 476 с.
- 5 Ляхомский А.В., Фащиленко В.Н. Управление электромеханическими системами горных машин. – М.: Издательство Московского государственного горного университета, 2004. – 296 с.
- 6 Шеховцев П.В. Расчет и проектирование ОУ и электроустановок промышленных механизмов / М.:ФОРУМ, 2010.-352с.
- 7 Москаленко В.В. Автоматизированный электропривод. М.:1986.-416с.
- 8 М.Г. Чиликин, М.М. Соколов, В. М. Терехов, А.В. Шинянский Основы автоматизированного электропривода. Учеб. пособие для вузов. М., «Энергия», 1974. – 568 с.
- 9 Түзелбаев Б.И. Сала экономикасы: оқу құралы- Алматы, 2007.
- 10 Хакімжанов Т.Е. Еңбек қорғау. Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. – Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240 б.